

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 951 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ізет" фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 тамыздағы N 862 қаулысында көзделген қаражат шегінде заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің ақпараттық жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу және әзірлеу үшін маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы ш а р т ж а с а с у д ы ;

2) осы қаулыға сәйкес заң қызметтерін мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі